

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы: халықаралық құқық

Шифр: 5В030200

Пән: Заңгердің кәсіби этикасы

ГЛОССАРИЙ

Этика - Бұл білім мен қаблеттіктің адамның рухани дүниесін ашатын ғылым.

Этика - қандайда бір қоғамдық топтың, мамандық иесінің, адамның жүріс-тұрыс нормаларының жиынтығы, ішкі моральдық қағидалар

Мораль - адамның қоғамдағы мінез-құлқына қойылатын талаптар мен ережелер, нормалардың жиынтығы.

Кәсіби абырой - өз борышын жан-тәнімен орындаудың жоғары әлеуметтік құндылығы

Құқық қорғау органдары қызметкерінің борышы - тұлғаны, қоғамды және мемлекетті қорғаудың объективтік қажеттіліктерінен туындайтын, мемлекеттік-құқықтық талаптармен және адамгершілік ішкі сезімдермен толықтырылатын ерекше міндет

Иррационалды жек көру - мінездің белгісі, үнемі жек көруге дайын тұру

Қызметкердің борышы - Құқық қорғау органдарының беделін қоғамдық көзқарас алдында тұрақты органдардың беделін қоғамдық көзқарас алдында тұрақты түрде көтеріп отыру

Абырой сезімі – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің істері мен әрекеттерінің қуатты қозғаушы күші

Бақыт социологиясы - бұл адамдар ұмтылатын құрмет, байлық, ұрпақ өсіру, дәулетті кәрілік

Ар-ұят – бұл біздің өзімізге өзіміз беретін жауабымыз

Қайырымдылық - адамдар қылықтарында жүзеге асатын адамгершілік

Дәстүрлер - қоғамдық тәртіпті қорғаушы жас буынды тәрбиелеудің қуатты құралы

Төрелік сөз - қылмыстық және азаматтық істерді қарау барысында сот пен сотқа қатысушы көпшілікке арналған, сот мәжілісінде нақты іс бойынша тұжырым айтылатын, қарсы жаққа уәжді пікірлер білдіруге құрылған сөз

Сөйлеу - әр түрлі ойлар мен пайымдаулардың сөз арқылы көрінуі, яғни адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті

Әдеп - сөйлеудегі, пікірсайыстағы, пікірталастағы мәдениет тірегі

Реплика - Соттағы сөйленер сөздің құрамынан табылатын, қарсылас шешендерге айтылар қысқаша қайырылған уәж- пікірлер

Соттағы пікірталас - қарсыласын ойсырата жеңу, өз пікірін дәлелдеп шығу мақсатындағы көзқарастар күресі, жарыс, бәскелестік

Норма-идеал - адамгершілік ұмтылыстардың жоғарғы шегі, адамгершілік тәрбиелеудің идеалды мақсаты, қарапайым жағдайлардағы адамгершілік таңдаудың бағыт-бағдары болып табылады

Норма-шек - қызметкердің өз қызметтік міндетін атқару барысындағы шынайы жағдайдың нақты шарттарымен және мүмкіндіктерімен өлшенетін және шешімнің қай жерден бастап адамгершілік емес сипатты иеленетін төменгі шегін көрсететін норма

Құқық қорғау органдары дегеніміз - өзінің бүкіл қызметі мен заңның негізінде және тиісті нысандарда демократиялық принциптер арқылы заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуге азаматтардың, ең биік ұжымның, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін қорғауға, құқық бұзушылықтан сақтандыру мен оның алдын алуға және заңдылық пен құқықтық тәртібін бұзған адамдарға мемлекеттік күштеу немесе қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануға тиісті мемлекеттік органдары, қоғамдық ұйымдар.

Сот билігі - мемлекет атынан заңның үстемдігі мен әділеттілікті қамтамасыз ету

мақсатында бұзылған құқық пен бостандықты қалпына келтіру, заңмен қолданатын мүдделерге қол сұғушы адамдарға мемлекеттік мәжбүр ету шаралары қолдану мақсатында сот құзіретіндегі жауапты биліктік өкілеттіктердің жиынтығын айтамыз.

Сот әділдігі - заңда белгіленген ерекше құқықтық нысанда мемлекеттің арнайы құрылған органының-соттың азаматтық, қылмыстық істерді қарап, шешуі арқылы жүргізілетін мемлекет қызметінің айрықша бір саласы.

Судья - Республикада сот билігін атқарушы болып табылады.

Сот төрелігінің қағидалары - Қазақстанда бірінғай сот жүйесінің ұйымдастырылуы мен оның қызметін тікелей реттеп отыратын құқықтық норма болып табылады.

Юрисдикция - jurisdiction (лат.) jus-dicere деген сөз тіркесінен аударылған, яғни “құқық орнату” деген мағынаны білдіреді.

Адвокат құпиясы - адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адамман және басқа да адамдармен жасаған ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ адвокаттың заң көмегін көрсетуіне қатысты өзге ақпарат.

Адвокаттар алқасы - жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау, “Адвокаттық қызмет туралы” заңда белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін өзі басқаратын және өзін өзі қаржыландыратын ұйым.

Адвокаттық әдеп - жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін барынша жақсы қорғауға жәрдемдесу мақсатында қолданыстағы заңнама, адвокаттар алқасының Жарғысы және адвокаттардың кәсіптік әдеп Ережесі шеңберінде реттелген және практика жүзінде қалыптасқан адвокаттың мінез құлқының нормасы.

Адвокаттарды аттестациялау - адвокаттар алқасының төралқасы бес жылда бір рет ұйымдастрып өткізу кезінде адвокаттың уәсіби білімі мен дағдыларын негізгі өлшем ретінде қолдану арқылы адвокаттың заңнама нормаларын білуін тексеру және бағалау.

Адвокаттық қызметпен шұғылданғысы келетін адамдарды аттестациялау - әділет Аттестациялау комиссиясы ұйымдастырған тегілеу өткізу жолымен коданыстағы заңнама туралы үміткерлер білімін тексеру және әңгімелесу өткізу жолымен үміткерлердің кәсіби білімі мен практикалық дағдыларын анықтау.

Адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін лицензия - бұл әділет аттестациялық комиссиясы шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген лицензияда көрсетілген адамға осы қызметпен шұғылдану үшін беретін рұқсат.

Адвокатура - азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін кәсіптік негізде заң шегінде көрсететін тұлғалар қызметінің ұйымдық нысандары мен мазмұнын айқындайтын қоғамдық құқықтық институт.

Заң көмегі - адвокаттың консультация, түсініктеме беру талап қою өтініштері, шағымдарды, қолдау хаттарды және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттарды құрастыру, сот ісінде, сондай-ақ одан тысқары басқа іс әрекеттерді белсенді жасау жолымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүддесін қорғаудың барлық заңды құралдары мен әдістерін пайдалану.

Құқықтық көмек - бұл сот, әділет және тергеу органдарының екі немесе бірнеше мемлекет жасаған шарттар негізінде бір-біріне азаматтық, отбасылық және қылмыстық істерді шешу үшін жәрдемдесу жөніндегі қызметі.

Заңда тыйым салынбаған өзге де заң көмегі - Жарғылар әзірлеу және заңды тұлғалар құжаттарынтіркеуге даярлау; заң кеңесшілері жоқ ұйымдарды заң көмегімен қамтамасыздандыру және заң көмегі ретінде заңда аталғандардан басқа заңда тыйым салынбаған өзге де осындай қызмет түрлерін көрсету.

Қорғау - қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, айыптауды жоққа шығару немесе жеңілдету, сондай-ақ заңсыз қылмыстық ізге түсуге ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғау тарабы жүзеге асыратын іс-жүргізу қызметі.

Кәсіби қорғау - адвокат-қорғаушының айыпталушыны, сезіктіні қорғау міндеті тәртібімен заңда белгіленге құралдармен және әдістермен жүзеге асыру жөніндегі қызметі, бұл қызметтің мақсаты олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, сондай-ақ заң көмегін көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

Қорғану тарабы - сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілі.

Қорғаушы - заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

Қорғаушылар - адвокаттар, айыпталушылардың жұбайы (зайыбы), жақын туыстары немесе заңды өкілдері, өз бірлестіктері мүшелерінің істері бойынша кәсіподақтың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдері.

Лауазымды адамдар - мемлекеттік функцияларды (өкімет өкілінің функцияларын) тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкілдік немесе әкімшілік шаруашылық функцияларын орындайтын адамдар.